



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 жылғы 28 маусымы

№ 287

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**2019-2020 оқу жылына арналған
білім беру бағдарламаларының
топтары бөлінісінде жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрларды даярлауға
мемлекеттік білім беру
тапсырысын бөлу туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес және «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 199 қаулысын іске асыру мақсатында, сондай-ақ, 2019-2020 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жөніндегі Комиссия отырысының 2019 жылғы 29 мамырдағы № 17 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2019-2020 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 2019-2020 оқу жылына магистрлерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2019-2020 оқу жылына PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 01.07.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 18937 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство образования и науки РК - заместитель директора Ахан Хамерил-Заманович Жарменов, 28.06.2019 12:10:06, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - вице министр Наталья Виссарионовна Пан, 28.06.2019 18:43:13, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Министерство образования и науки РК - Вице-министр Бибигуль Амангельдиновна Асылова, 28.06.2019 18:51:34, положительный результат проверки ЭЦП